



# ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 42/634

18 октября 2019 года

## Вестник

## АДАМИ КАПИТАЛДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесте елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты бірқатар тапсырма жүктелді.

Соның ішінде Президент әлемдегі әртүрлі жағдайларды ескере отырып, нақты есептелген, елдің макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығын сақтау жөнінде кешенді шаралар әзірлеуді тапсырған болатын. Бұл ретте «Қазақстан-2050» Стратегиясының қазіргі кезеңге тиесілі міндеттемелерін орындау өте маңызды. Сондай-ақ мемлекеттік шешімдер қабылдау барысында сараптамалық жұмыстарды түбегейлі күшейту қажеттігі сөз болды. Президент пайымы мен пәрмені отандық экономиканы әртарапандыру арқылы нәтижелі дамуды көздейді.

Осы ретте FinReview және Ranking.kz агенттіктерінің Қазақстанның болашағына арналған сараптамасына сүйенсек, еліміз адам капиталын қаржыландыруды арттыру арқылы ұлттық экономикалық өсімді 1,5 пайызға ұлғайта алады. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екі жыл бұрынғы халыққа Жолдауында да адам капиталын нығайту арқылы әлемдік бәсекеге түсе алатын зияткер ұлт қалыптастырудың өзектілігін айтқан болатын. Қазір елімізде жасанды интеллект, роботандыру және ақпараттық бағдарламалармен қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бүгінде білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмекке бөлінетін қаржы ІЖӨ-нің 9,5%-ын құрайды. Дегенмен салыстыра қарар болсақ, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 3-4 есеге жоғары. Бір жағынан, бұл жайт инвестициялық ағындардың жеткіліксіздігін көрсетсе, екіншіден, қаржыландыру көлемі

жасанды интеллект, роботандыру және ақпараттық бағдарламалармен қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бүгінде білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмекке бөлінетін қаржы ІЖӨ-нің 9,5%-ын құрайды. Дегенмен салыстыра қарар болсақ, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 3-4 есеге жоғары. Бір жағынан, бұл жайт инвестициялық ағындардың жеткіліксіздігін көрсетсе, екіншіден, қаржыландыру көлемі

туралы есепке сәйкес, 2018 жылы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік көмек пен қамтамасыз етуді қаржыландыру жалпы шығын көлемінің 55,7%-ын құрады. ІЖӨ-ге шаққанда оның жиынтық үлесі 9,5%-ды құрады. Интеллектуалдық серпіліске жету үшін адами капиталдың әлеуетін пайдалану денсаулық сақтау мен мәдениеттің дамуынсыз мүмкін емес. Соңғы 10 жыл ішінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет-

дейін жалғасып жатқан өзгерістері сала алдына тиімді және қолжетімді денсаулық сақтау жүйесін құруға бағытталған түбегейлі жаңа міндеттер қоюға мүмкіндік берді. Бұл жаңғыртудың нәтижесінде денсаулық сақтау сапасы бойынша Bloomberg агенттігінің әлемдік экономика рейтингінде Қазақстан 44-ші орынға (әлемнің 56 елінен) қол жеткізді. Зерттеуге сәйкес, Қазақстан Германия, АҚШ, Ресей, Беларусь, Болгария елдерінен алға озған. Қазақстандық медицина Еуропа және Батыс елдерінен басты артықшылығы – қолжетімділігінде.

Жалпы, дәстүрлі, адами капиталды қалыптастыру бірқатар елдерде тек білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытумен ғана шектеледі. Мәдениет саласын дамытуға жұмсалатын шығын, шын мәнінде аз. Алайда мәдениет саласына құйылатын қаржы қоғамдағы қылымыс деңгейінің азаюына, адами тұлғаның шығармашылық әлеуетінің артуына септеседі, адами құндылықтарды қалыптастырады. Мұның барлығы экономиканың өсуіне бастайтын активтер. Қазақстанда өнер, ойын-сауық және демалыс саласы бойынша негізгі капиталға бөлінген инвестиция көлемі былтыр 104,2 млрд теңгені, ал биыл 7 айда 72,1 млрд теңгені құрады. Мәдениет, спорт, туризм мен ақпараттық кеңістікке мемлекеттік бюджеттен жұмсалған шығын көлемі 449,3 млрд теңгені құрады. Бұл ІЖӨ-ге шаққанда оның тек 0,7%-ын құрайды.

Елімізде 2019 жылдың бірінші тоқсанының нәтижесі бойынша еңбекке қабілетті тұрғындардың саны 9,2 млн адамды құраса, олардың ішінде 8,8 млн-ы жұмыспен қамтылған. Жұмыспен қамтылғандар саны барынша көп өңірлердің қатарында Алматы облысы (995,2 мың адам), Алматы қаласы (935,2 мың), Түркістан облысы (776,7 мың) тұр. Жалпы, барлық өңір бойынша жұмыспен қамтылғандардың үлесі 95%-ды, ал республикада жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрайды.

Яғни Мемлекет басшысы экономикалық кеңесте айтқандай, еңбек өнімділігін кемінде 1,7 есеге арттыруға және өңделген қазақстандық өнімнің экспорттың өсіруге басымдық беру үшін әуелі адам капиталын дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілуі қажет.

Дерек-көз: [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)  
17.10.2019г.



ұлғайған жағдайда экономиканың өсу қарқынының мүмкіндігі де ашылатынын байқа-тады.

Рас, Президент Қ.Тоқаев айтқандай, әлемдік экономиканың өсуіне қатысты бол-жамдар тұрақсыз. 2020 жылы нарығы қалып-тасып келе жатқан елдер мен дамушы елдер-дің экономикалық өсімі 2019 жылғы 4%-дық көрсеткішпен салыстырғанда 4,6%-ға дейін артады деп күтілуде, алайда оның болаша-ғына сауда мен қаржылық дағдарыс қаупі төніп тұр. Осыған орай, көптеген елдің ал-дында экономикалық өсуге қол жеткізуде шешуші рөлге ие адами капиталды дамыту секілді өзекті міндет туындайды. Әлеумет-тік-экономикалық және қаржылық ресурс-тары дамыған елдерге мүмкіндіктерді тиімді басқара алатын білімді, дені сау ұлт қажет екені анық.

Соңғы жылдары Қазақстанда адами капиталды дамытуға ерекше көңіл бөліне бастады. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы

терге инвестициялардың жыл сайын орта есеппен 12%-ға артуы байқалады. 2018 жылы инвестиция көлемі 113,2 млрд теңгені құра-ды, ал 2019 жылдың соңғы 7 айында 57 млрд теңгеге жетті. Инвестициялардың негізгі көлемі республикалық бюджет пен кәсіпор-ындардың меншікті активтері есебінен құрылды, олардың үлесі сәйкесінше 38,3% және 36,6%-ды құрады. Жергілікті бюд-жеттің қаражаты оның тек бестен бір бөлігіне ғана тиесілі. Былтыр денсаулық сақтау саласына мемлекеттік бюджеттің шығыс-тары 1,17 трлн теңгені, ал әлеуметтік көмек-пен қамтамасыз етуге 2,75 трлн теңгені құра-ды. Бұл ІЖӨ-ге шаққанда сәйкесінше тек 1,9% және 4,5%-ға тең. Салыстырар болсақ, ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш 3-4 есеге жоғары екен.

Денсаулық сақтау саласының адами ресурстарды дамытудан бастап, жана техно-логияларды енгізуге және жоғары техно-логиялық медициналық көмекті жетілдіруге

## КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ОЗВУЧИЛ ШАГИ ПО ДАЛЬНЕЙШЕМУ РАЗВИТИЮ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

Под председательством Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева состоялось совещание по экономическим вопросам, передает [Kazpravda.kz](http://Kazpravda.kz) со ссылкой на пресс-службу Президента РК.

В ходе совещания были рассмотрены итоги социально-экономического развития страны, исполнение намеченных планов, реализация денежно-кредитной политики, реформа адресной социальной помощи, вопросы социального развития и занятости.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что в целом макроэкономическая ситуация в стране стабильная, основные показатели социально-экономического развития Казахстана показывают положительную динамику, но вместе с тем проблемы диверсификации отечественной экономики, продуктивной занятости, доходов населения, доступности социальных благ еще не решены полностью.

Президент поручил разработать комплекс мер по сохранению макроэкономической, финансовой и социальной стабильности страны при различных сценариях раз-

вития ситуации в мире, а также акцентировал внимание на задачах нынешнего этапа реализации Стратегии "Казахстан-2050".

Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что при принятии государственных решений следует кардинально усилить аналитическую составляющую.

Президент считает, что средний бизнес должен стать драйвером диверсификации экономики. Программа индустриализации позволила остановить спад промышленного производства и обрабатывающего сектора, наладить выпуск новых видов продукции. Однако, по мнению Главы государства, кардинальных сдвигов в структуре экономики не произошло.

"Основной акцент должен быть сделан на росте производительности труда не менее чем в 1,7 раза и значительном увеличении казахстанского экспорта обработанной продукции. Правительству предстоит добиться прироста несырьевого экспорта в 1,5 раза к 2022 году и в 2 раза к 2025 году", – поручил Президент.

Глава государства указал на необходимость формирования не менее 3-5 технологически развитых отраслей, конкурентоспособных как минимум в региональном масштабе.

По мнению Касым-Жомарта Токаева, развитию экономического потенциала страны должна способствовать экономическая интеграция в рамках ЕАЭС. Президент считает необходимым усиление аналитической работы с целью укреплению позиций страны в ЕАЭС и защиты отечественных товаропроизводителей – экспортеров продукции на евразийский рынок. Он полагает, что для экономической модернизации страны крайне важным вопросом также является привлечение инвестиций.

"Мы постоянно улучшаем инвестиционный климат. Но насколько такой климат транслируется в объем инвестиций? Почему нет взрывного эффекта? В вопросе привлечения иностранных инвестиций важны не только фискальные стимулы. Системные проблемы – узость внутреннего рынка,

сложность выхода на экспорт, недостаточная координация действий государственных органов на центральном и местном уровне", – подчеркнул Глава государства.

Президент подверг критике ситуацию, когда коммерческие банки в погоне за прибылью перенаправляют ресурсы на потребительское кредитование и снижают объемы кредитования бизнеса.

Глава государства не оставил без внимания и вопросы реализации единой жилищной политики.

"Нужно, чтобы у каждого казахстанца было ясное понимание перспектив приобретения или аренды жилья, условий его получения. Для этого предстоит определиться с критериями доступности жилья, системно снижать себестоимость строительства, установить пропорции многоквартирного и индивидуального жилья, цивилизовать рынок аренды квартир", – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Полный текст публикации читайте на [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)  
15.10.2019 г.



## ҰЛТТЫҚ РУХ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕ

Кез-келген ұлттың толыққанды ұлт болып қалыптасып, дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы тиіс. Сондықтан ұрпақтарымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын, жер қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Тәрбие – жеке адамның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыра, өмірге бейімдей жүргізілетін жүйелі процесс. Тәрбие бесіктен басталып, түрлі өзіндік ерекшеліктерімен бір-біріне жалғаса жүзеге асырылады. Оның негізгі мақсаты адам бойына ізгілік, инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адами қасиеттерін, тіршілікке қажетті дағдыларын қалыптастыру болып табылады. «Тәрбие тал бесіктен басталады» - дейді халқымыз. Тал бесіктен бастау алған тәрбие ғана жемісті болмақ. Баланың иманды, қайырымды азамат боп ер жетуі ең алдымен, ата-ананың тәлім-тәрбиесіне, қоршаған ортаның үлгі өнегесіне байланысты. «Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілесін», - деген мәйекті сөз тегіннен айтылмаған. Алайда, бүгінгі аналарымыз бесік тербеп, ұлттық әдет-ғұрыппен әлдилеп бесік жырын айта ма?.. Бүгінгі жас аналар баланы ұйқатуға телефоннан эстрадалық әндерді пайдаланатыны жасырын емес. Ұлттық тәрбиені бала бойына дарытып, жанына ұялатып жүрміз бе? Ұлттық тәрбиені сезінбеген ұрпақ ұлттық рух, ұлттық құндылықтар жайлы айтқанды ұқпайды ғой. Ұлттық рух-халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін күш-қуаты. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән, өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Оны асқақтататын – ұлттық тәлім-тәрбие. Оның негізі ана тілінде. Қазақ тілі халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпы мен салтын, дәстүрін, ұлттық жадын қалыптастырушы негізгі құрал ретінде ұлттың тілі мен діні, біліктілігін болашаққа жалғайды.

Ұлттық құндылықтарымыздың бір тармағы – дәстүр. Дәстүр – ұлтты рухтан-дырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Алдымен «дәстүр» сөзінің мағынасын біліп қойғанның еш артықтығы жоқ. «Дәстүр» арабтың «дустур» деген сөзінен парсы тілі арқылы келген сөз. Егер мағынасына үңілесек, «орныққан», «тұрақты» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан ұрпағымызға сәби кезеңінен бастап ата-анасы, ұстаздары олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық дәстүрлерімізді бойына дарытып отыруға міндетті.

Біз бақытты ұрпақпыз, тәуелсіздік алып, мемлекет құрып жатырмыз. Бізге керегі – өзіміздің салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрпымызға, мінез құлқымызға жақын салауатты өмір салты. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр әлеуметтік ақпараттық жинауымен сақтауының ұрпаққа жеткізілуінің құралы болғандықтан, осы салт-дәстүрде жинақталған ата-бабалар өмір тәжірибесі арқылы қоғам өзінің даму деңгейіне байланысты қажет ақпаратты иемденіп, өзінің іс-әрекетінде, тұрмыс-салтында ұстануына қажет. Келешегіміз үмітті болуы үшін, жас ұрпақ өткенді, ата-баба мұрасын білуі қажет және салт-дәстүрін жоғалтпай сақтаса, осындай белгілер әрбір ұлттың стратегиялық мақсат мүддесі болуы тиіс. Қазақ халқының тұр-

мыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі арқылы қалыптасқан ұлттық өмір салты бар. Өмір салты дегеніміз-әрбір қоғамның, ондағы әлеуметтік топтардың және жеке адамдардың белгілі жүйеде өмір сүру тәсілінің жиынтығы. Ұлтымыздың рухани санасын оятып болашаққа сенімін күшейтуіміз керек. Бұл қазіргі ұрпақтың міндеті. «Ештен, кеш жақсы» дегендей, ұлттық табиғи қадір-қасиетке оралуымыздың алғашқы қадамдары ретінде балабақшадан бастау керек. Кім де болса, қай ұлт болса да, өзінің өмірі барысында атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрден тыс қалмайды.

Мектепке дейінгі білімнің маңызды есептерінің бірі халық дәстүрлерінің мінез-құлық ережелері және салт-дәстүр нормалары адамның пазитивті мінез-құлығы мектепке бармаған баланың құндылығы бар болмысымен бағыттарының құрастырылуы болып табылады. Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің енбасты өзекті жері – ол ата-бабадан қалған асыл мұрамызды насихаттау болып табылады. Біз, яғни, болашақ ұрпақ тәрбиесімен айналысатын тәрбиешілер, халқымыздың таусылмас бай, асыл мұраларына жүгінсек, ұрпағымыз біздің іс-тәжірибемізден, ой-санамыздан, парасаттылығымыздан тәлім-тәрбие алуы тиіс. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы оның білімінен көрінеді, ал тілдің өзі адам психологиясын байытатын құрал. Сондықтан, балабақшадан бастап өз ана тілінде сөйлеп, өз халқымыздың қадір-қасиетін, рухани құндылығымызды біліп өсек, болашақ ұрпақ та өз тілін қадір тұтады. Бала бойына Отанына деген сүйіспеншілік қасиет сәби шағынан бастап сінеді. Тіліміздің құндылығы бала жүрегінде сақталады. Өз Отанын, елін сүю, елінің патриоты болу әр азаматтың қасиетті борышы. Қазіргі заманда әрбір жас ұрпақтың өзінің ұлттық, әлеуметтік тегін зерттеу, өз шежіресіне деген қызығушылығы байқалады. Сондықтан өз әулетінің тегін зерттеу кезінде балаға терең мағыналы қағидалардың мәнін түсіндіру өте маңызды: әр адамның тамыры-отбасының, өз халқының тарихы мен салт-дәстүрінде, өлке мен елінің бұрынғы және осыған дейінгі тарихы; отбасы-әлеуметтік ұйым, ұлттық салт-дәстүрлердің сақтаушысы; отбасы бақыты-халықтың, қоғамның, елінің амандығы. Ұлттық салт-дәстүрлер арқылы ұлттық дүниетанымын қалыптастыру жолдары: ұлттық дәстүр – қазақ халқының өзіндік дәстүрлерін бойына сіңіре білетін, салт-дәстүрлерімізді ұғына білетін тұлға қалыптастыру: ұлттық әдет-ғұрыптар – бала бойында жастайынан өз халқының әдет-ғұрыптарынан әсер ала біліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра білетін тұлға қалыптасуы тиіс; ұлттық киімдер – қазақ балалары өз ұлтының ұлттық киімдерінің ұлттық ерекшеліктерін айыра білетін, ұлттық киімдеріміздің әсемдік, (сұлулық) ою-өрнектік сәнділігімен бағалы екендігін түсіне білу; ұлттық мерекелер арқылы-өз халқымыздың ұлттық мереке күндерінің мазмұнын, қадірін сезініп қолдай білуге талпынатын тұлға даярлау. Киіз үй жиһаздары арқылы халқымыздың әрбір тұрмыстық тұтыну үй бұйымдарының өзіндік құндылықтарын, оларды дайындаудың жолдарын оқи отырып қастерлей

білетін тұлғаны қалыптастыра білуіміз керек деп түйіндеймін.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор. «Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, ұлттық құндылықтарымызды асыл қоймасындай сақтады. Өнерлі халық – өміршең халық. Демек, бүгінге дейін ғасырлар бойы дамып қалыптасқан халық ауыз әдебиетінен, халықтық салт-дәстүрлерінен, ұлттық педагогикалық ойлардан құралған бұл халықтық салт-дәстүрлеріміздің ғылыми-педагогикалық мәні өте зор. Халқымыздың этнопедагогикалық рухани құндылықтарын білудің маңызды жаламат. Мәселен, «Балаға ат қою», «Бесікке салу», «Қыркынан шығару», «Тұсау кесу», «Атқа мінгізу» т.б. түрлері халқымыздың салт-санасында ерекше орын алады. Атап өтілген халық дәстүрлері туралы келешек ұрпақтарымыздың сана-сезімдерін кеңейте түсуге мол мағұлматтар беретін материалдарға зер алайықшы: «Балаға ат қою». Бала дүниеге келгеннен кейін атасы мен әжесі немесе ауыл ақсақалы балаға ат қояды. Ат қоюшы адам баланың құлағына: «Сенің атың...» деп үш рет қайталайды. «Бесікке салу». Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесік тойын жасайды. Ағаштан жасалған бесікті баланың нағашылары немесе жасы үлкен қадірлі аналардың бірі әкеліп сыйға береді. Ең алдымен бесікке салушы әйел бесіктің өзін шын-шайтандарды қуу үшін, түрлі иістерден арылту үшін отпен аластап шығады. Содан кейін көрпешелер мен жастықшаларды бастап салады. Баланы жатқызып бөлейді. Қолбау, белбеу және аяқбаумен тартып байлап қояды. Тілектерін айта отырып бесіктің үстіне алдымен көрпе жабады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабады, ат жалын тартып мінсін деп камшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады, қырандай көреген болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды.

«Қыркынан шығару». Туғанына қырық күн толғанда баланы қыркынан шығарады. Қыркынан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған суға шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз омыртқан жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп баланың үстіне қырық қасық су құяды. Сақиналарды баланы шомылдыруға қатысқан әйелдер бөліседі. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады. Шашын шүберекке түйіп, киімінің нығына қадайды. Тырнағын адам баспайтын жерге көмеді. Бала қыркынан шыққанға дейін киген иткөйлекке тәттілерді түйіп, иттің мойнына байлап қоя береді. Балалар итті қуып жетіп тәттілерді бөліседі. «Тұсау кесер». Тұсау кесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүгіріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім. «Атқа мінгізу».

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.

## ҚҰҚЫҚТЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ МӘНІ



Қоғамның құқықтық мәдениетін дамытудың стратегиялық өзегі барлық азаматтарға құқықтардың тең көлемін пайдалануға, жауапкершілік атқаруға және тең мүмкіндіктерге қолжетімділікке ие болуға, оның ішінде Қазақстанның әлемдегі 30 дамыған елдер қатарына кіру мақсатына табысты жетуге құқық үстемдігі призмасы арқылы мүмкіндік беретін Мемлекет бас-

шысының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы болып табылады. Тұжырымдама азаматтарды құқықтық ағартудың және қоғамның құқықтық мәдениетінің тиімді моделінің әлемдік стандарттарына негізделген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары елдерінің озық тәжірибесін ескере отырып әзірленді.

Халықты құқықтық ағарту саласындағы мемлекеттік саясат негізінде құқықтық ақпарат беруде, күнделікті өмірде заң проблемаларын тиімді шешу үшін қажетті белгілі бір дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруда маңызды орын алатын азаматтық қоғамның барлық институттарының, әсіресе үкіметтік емес ұйымдардың белсенді қатысуы принципі жатыр. Құқықтық ағарту

ақпараттық және насихаттық әдістермен шектелмейді, қосымша белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру бойынша шараларды көздейді. Құқықтық мәдениет деңгейінің төмен болуынан немесе қолжетімді құқықтық ақпарат арналарының тапшылығынан осал жағдайда болатын нақты мақсаттық топтарды бөлуге өте елеулі рөл беріледі. Құқықтық ағарту – азаматтардың құқықтық мінез-құлпын, белсенді азаматтық ұстанымын, құқыққа құрметпен қарауын қалыптастыру, жеке тұлға мен азаматтың құқық субъектісі, қолданыстағы құқық туралы білім беру туралы, құқықтық көмек алу мүмкіндігін беру бойынша ағартушылық-білім беру қызметі.

Құқықтық ағарту келесі негізгі мақсат-

### Құқық үстемдігінің призмасы

тарға қол жеткізуді болжайды:

Адам құқықтарының құндылығын жалпы түсінуге, құқық үстемдігіне деген құрметті өсіруге негізделетін адам құқықтарының мәдениетін нығайту;

Әлеуметтік құндылық ретінде заң беделін арттыру, оны құрметтеу, құқықтық нигилизмді батыл жеңу;

Азаматтардың құқықтық мінез-құлқына деген тұрақты бағдарын жүйелі қалыптастыру, оны бұзушылықтың барлық жағдайларына төзбеушілік, жаңа жауапкершілігін бұлтартпастық атмосферасын құру;

Азаматтардың басқару және билік органдарына, сондай-ақ олардың өкілдеріне деген сенімін арттыру.

Приозерск қаласының Әділет басқармасы



# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

Өзгерістерді озиңнен баста

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өзгерістерді озиңнен баста» ішкі бағдарламасын жүзеге асыру аясында, ағымдағы жылдың 12-13 қазанында Приозерск қаласының жергілікті атқарушы органдарынан 24 мемлекеттік қызметші мемлекеттік қорғаудағы киелі орын - Ағыбай батырдың кесенесіне барып қайтты. Ағыбай батырдың рухына арнап құрбандық шалынып, құран бағышталды.

Екі күннің ішінде кесененің шырақшысы Хамит ақсақал қызметшілерге



Ағыбай батырдың өмірбаянын, батыр қатысқан тарихи маңызды ұлы шайқастарды айтып, сол өңірдегі барлық киелі жерлермен, сонымен қатар таңбалы-танымалды.

Осындай іс-шаралар алдағы уақытта жалғастырылады.

**А. Исатаев,  
Приозерск қаласы  
Әкімі аппаратының  
басшысы, Әдеп  
жөніндегі уәкілі**



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ: НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР

Тұрақтылық пен гүлденудің негізі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты алғашқы Жолдауын ұсынды. Бұл Жолдау осы жылдың маусым айында сайланған Президенттің тұңғыш Жолдауы болғандықтан, ерекше қызығушылық тудырады. Жолдаудың міндеттері Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының негізгі ережелерімен сәйкес келеді, бұл оның өзі қабылдаған шешімдердің жүйелілігін және олар үшін нақты жауапкершілікті сезінетіндігін көрсетеді.

2019 жыл Қазақстан қоғамының өткір саяси мәселелерді талқылауға белсенді қатысуға дайын екенін көрсетті. Қоғамдық-саяси реформаларға сұраныс бүгінгі күні ерекше жоғары. Сондықтан да Қоғамдық диалог тақырыбы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы Жолдауының өзегі болып отыр. Елдің саяси жүйесін кезең-кезеңмен жаңаша жаңғыртуға шақыра отырып, Президент оның базалық сипатын атап көрсетеді: «...елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпайынша, табысты

экономикалық реформаларға қол жеткізу мүмкін емес».

Президент атынан сөйлеген билік жалпы мемлекеттік сындарлы міндеттерді ашық талқылауды бастауды ұсынады. Осыған байланысты көп партиялық одан әрі дамыту, қоғамдық келісімді сақтау, халықпен тиімді байланыс орнату, митингілер туралы заңнаманы жетілдіру сияқты мәселелерге баса назар аударылды.

Президент еліміздегі қоғамдық келісімді нығайтудың «негізгі кілті» болып табылатын тіл мәселесіне де ерекше тоқталды. Бұл жөнінде ол: «Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлт-аралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деп атап көрсетті.

Президент өз Жолдауында сот пен құқық қорғау жүйесін жетілдіруге, бизнесті дамытуға, қаржы ресурстарын дұрыс бөлуге, халыққа әлеуметтік қолдау көр-

сетуге, ел аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюға және басқа да халықты толғанып жүрген мәселелерге ерекше көңіл бөледі. Алдағы саяси реформалар сияқты бұл жұмыс Қазақстанның әрбір азаматы мемлекет тарапынан қамқорлықты сезінуіне және өзінің конституциялық құқықтарын қорғауға сенімді болуына бағытталуы тиіс еді.

Білім беруге бұрынғыдай мемлекеттің дамуындағы стратегиялық роль беріледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында республика ауылдарындағы мектептердегі білім беруді жетілдіру, жоғары оқу орындары жұмысының сапасын және өзінің конституциялық құқықтарын қорғауға сенімді болуына бағытталуы тиіс еді.

Президент өз Жолдауында көрсеткендей, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі білім беру сапасын жетілдірумен тығыз байланысты. Сондықтан Президент атап өткендей, «маман даярлау ісі еліміздегі және ғаламдағы еңбек нарығынан тыс қалмағаны жөн». Сөйтіп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жоғары оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті,

білікті маман дайындау, олардың оқу бітіргеннен кейінгі «өмірден өз орнын табу», яғни жұмысқа орналасу мәселесін қатаң қадағалаумен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын сапалы жүргізіп, оны коммерцияландыру бағытында қарқынды және нақты жұмыстарды жасауға үлкен міндеттер артып отыр.

Президент өз Жолдауында қоғам мен биліктің өзара ықпалдасқан іс-қимылының осы түрін неғұрлым сындарлы деп есептей келе, азаматтарды ашық диалогқа шақырады. Президент өзекті, шешімін күтіп тұрған мәселелердің бар екенін ашық айта келе, сонымен бірге оларды шешудің ұтымды жолдарын ұсынады, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді прагматикалық тұрғыдан бағалайды.

Біздің міндетіміз – қысқа уақытта аталған тапсырмаларды жүзеге асыру.

Жарқын болашағымызды достықта, келісімде және бірлікті құрудың қажеттігін түсінетін уақыт келді.

Приозерск қаласының Әділет басқармасы

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

### ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**  
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16**  
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных \*\*\*

**«Приозерск қаласы әкімі аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53**  
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Аппарат Акима города Приозерск» 5-41-53**  
График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. \*\*\*

**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**  
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**  
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. \*\*\*

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**  
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**  
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57**  
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57**  
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ**

**сенім телефоны: 5-32-48**  
**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48** \*\*\*

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**  
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**  
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92**  
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92**  
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**  
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**  
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**  
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**  
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**  
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. \*\*\*

**«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**  
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87**  
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

## РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН

№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следования
3	Алматы-2-Нур-Султан НЖ	23.09	10	23.19	ежедневно
4	Нур-Султан НЖ-Алматы-2	23:33	10	23:43	ежедневно
9	Алматы-1-Нур-Султан НЖ	02:50	15	03:05	ежедневно
10	Нур-Султан НЖ-Алматы-1	06:00	15	06:15	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	02:24	19	02:43	четным
16	Петропавловск-Алматы-2	18:46	15	19:01	нечетным
43	Алматы-1-Костанай	6:14	15	6:29	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	22:11	15	22:26	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	08:41	15	08:56	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	19:13	16	19:29	ежедневно
75	Кызылорда-Петропавловск	19:59	15	20:14	четным
76	Петропавловск-Кызылорда	13:49	15	14:04	четным
85	Нур-Султан НЖ-Сарыагаш	21:05	15	21:20	ежедневно
86	Сарыагаш-Нур-Султан НЖ	9:34	15	9:49	ежедневно
91	Кызылорда-Нур-Султан НЖ	15:30	10	15:40	нечетным
92	Нур-Султан НЖ-Кызылорда	02:41	10	02:51	четным
303	Алматы-2-Казань	06:25	15	06:40	среда
304	Казань-Алматы-2	07:54	15	08:09	понедельник
315	Ташкент-Екатеринбург	06:25	15	06:40	понедельник
316	Екатеринбург-Ташкент	07:54	15	08:09	четверг
373	Алматы-2-Жезказган	13:18	15	13:23	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	03:25	15	03:40	ср.суб.
707	Алматы2-Нур-Султан НЖ	01:28	10	01:38	ежедневно
708	Нур-Султан НЖ-Алматы2	02:03	10	02:13	ежедневно
705	Алматы2-Петропавловск	00:35	10	00:45	ежедневно
706	Петропавловск-Алматы-2	03:50	10	4:00	ежедневно
711	Шымкент-Нур-Султан НЖ	23:42	10	23:52	нечетный
712	Нур-Султан НЖ-Шымкент	02:41	10	02:51	нечетный
50	Алматы-2 - Уральск	4.35	12	4.47	четным
49	Уральск - Алматы-2	4.46	10	4.56	четным

Источник: <https://rasp.yandex.kz/station>

### ТУРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Приозерск қалалық мәслихаттың 2012 жылғы 17 ақпандағы № 2/8 «Автотұрақтар (паркингтер) аумақтарына жер салығы ставкаларын бекіту туралы» шешімінің күші жойылады деп тану туралы Шешімнің жобасын <http://maslikhat-priozersk.gov.kz> сайтынан көре аласыз.

\*\*\*

#### О признании утратившим силу решения

Приозерского городского маслихата от 17 февраля 2012 года N 2/8 «Об утверждении ставок земельного налога на территории, занятые под автостоянки (паркинги)». Проект решения можно посмотреть на сайте <http://maslikhat-priozersk.gov.kz>.

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

Сообщаем, что в период с 18 по 19 октября 2019 года с 9:00 по 19:00 часов сотрудниками ОП города Приозерск проводится очередной этап Республиканской акции «Приемная на дороге» перед зданием партии «Нур Отан», расположенного по адресу: ул.Балхашская, дом № 5.

Отдел полиции города Приозерск

## ВИРТУАЛЬНЫЙ СУД

Направляющим вектором развития страны стал предложенный Главой государства Н.А.Назарбаевым План нации «100 шагов. Современное государство для всех», обозначивший задачи перед судебным корпусом, одной из которых является применение новых технических средств в деятельности судов. Проведена значительная работа по цифровизации судебной системы. Сегодня каждый, при наличии доступа к интернету и электронной цифровой подписи, имеет широкие возможности в суде.

В дистанционном порядке участники процесса посредством таких ключевых онлайн сервисов как «СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ» и информационная система «ТӨРЕЛІК» могут направить в любой суд страны иски, заявления (иные документы) для принятия их к производству, произвести оплату государственной пошлины в режиме онлайн, отслеживать дело в суде, в том числе и хода судебного заседания, знакомиться с материалами дела и судебными актами.

Также можно известить о судебных заседаниях через SMS-сообщения по мобильному телефону, использовать видеотелефон для проведения судебных заседаний и рассмотрения заявлений отсутствующих сторон. Кроме того, видеоконференция со свидетелями используется для дачи показаний в том случае, когда свидетели не способны физически присутствовать в суде, что экономит время и деньги. Так, принцип равенства подра-

зумекает обеспечение равного доступа к системе электронного правосудия для сторон, находящихся в крупных центрах и сельской местности.

Проект «Виртуальный суд» запущен в рамках проекта «Е-суд», как одно из семи приоритетных направлений развития судебной системы Казахстана. Он позволяет сторонам, участвующим в споре, напрямую подключиться по видеосвязи к судебному процессу и дать необходимые суду показания. Для этого достаточно установить на смартфон приложение TrueConf.

Посредством вышеуказанной программы Приозерским городским судом за 9 месяцев 2019 года проведено 37 таких судебных заседаний. Также запущен проект под названием «Мобильная видеоконференцсвязь» (МВКС), с помощью которого можно подключиться к залу судебного заседания по видеоконференцсвязи с обычного мобильного устройства. Проект в первую очередь направлен на экономию времени и средств обычных граждан, поскольку больше не будет необходимости преодолевать километры, чтобы попасть на судебное заседание.

Виртуальные судебные процессы позволяют устранить территориальные барьеры, экономить время и материальные ресурсы, обеспечивают удобный доступ сторон по делу.

Айзада Асаубаева,  
главный специалист Приозерского  
городского суда

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

## МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

#### ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



#### МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.

МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

### ОБЪЯВЛЕНИЕ \* НЕДВИЖИМОСТЬ \* ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг.  
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.  
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107  
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.  
Выходной - Понедельник

Запись по телефону:  
мастера-парикмахеры:  
8-775-274-25-87 (Ангалий)  
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).  
На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская  
**Милолика**

Ваша красота -  
Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР**

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prz\\_westnik.kz](http://www.prz_westnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 42/634. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.